

**«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери  
ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасына түсіндірме жазба**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ынтымақтастық туралы келісімге 2018 жылғы 13 қыркүйекте Анкарада қол қойылды.

Келісімнің мақсаты Тараптар арасындағы тең құқықтық пен өзара тиімділік қағидаттары негізінде әскери ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

Келісімді ратификациялау әскери даярлық және оқыту, қорғаныс өнеркәсібі, әскери барлау, әскери медицина және денсаулық сақтау бойынша көрсетілетін қызметтер, ақпаратты қорғау сияқты салаларда Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы әскери ынтымақтастықты дамытуды барынша қамтамасыз ететін болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға тиіс.

Келісімді ратификациялау кезінде оны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Келісімді ратификациялауды көздейтін Заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізеді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**

**Пояснительная записка  
к проекту Закона Республики Казахстан  
«О ратификации Соглашения между Правительством  
Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики  
о военном сотрудничестве»**

Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Турецкой Республики о военном сотрудничестве подписано в Анкаре 13 сентября 2018 года.

Целью Соглашения развитие военного сотрудничества на основе принципов равноправия и взаимной выгоды между Сторонами.

Ратификация Соглашения максимально будет обеспечивать развитие военного сотрудничества между Республики Казахстан и Турецкой Республики в таких областях как, военная подготовка и обучение, оборонная промышленность, военная разведка, военная медицина и услуги здравоохранения, по защите информации.

Согласно подпункту 2) статьи 11 Закона Республики Казахстан «О международных договорах Республики Казахстан» Соглашение подлежит ратификации.

При ратификации Соглашения его реализация не повлечет отрицательных социально-экономических и правовых последствий, а также не потребует дополнительных финансовых затрат из республиканского бюджета.

На основании вышеизложенного, а также в соответствии с пунктом 2 статьи 13 Закона Республики Казахстан «О международных договорах Республики Казахстан» Правительство Республики Казахстан вносит на рассмотрение Мажилиса Парламента Республики Казахстан проект Закона, предусматривающий ратификацию Соглашения.

**Премьер-Министр  
Республики Казахстан**

**Б. Сагинтаев**